

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**6D061400- ГЕНЕТИКА мамандығы бойынша
ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

*** * ***

**ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИН
по специальности 6D061400- ГЕНЕТИКА**

Алматы 2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**6D061400- ГЕНЕТИКА мамандығы бойынша
ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

*** * ***

**ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА ДИСЦИПЛИН
по специальности 6D061400- ГЕНЕТИКА**

Алматы 2017

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН.**

2. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министр міндетін атқарушының 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығы негізінде бекітілген типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген (534 қосымша). ҚР Білім және ғылым министрлігі 2017 жылғы 12 маусымдағы №270 бұйрығымен өзгертулер енгізілген.

3. Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымындағы №2 мәжіліс хаттамасының шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатынсыз осы типтік бағдарламаларын көбейтуге және таратуға болмайды.

1. **РАЗРАБОТАНА и ВНЕСЕНА** Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

2. Типовая учебная программа разработана в соответствии с типовым учебным планом, утвержденным приказом исполняющего обязанности Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 августа 2013 года №343 (Приложение 534). Внесены изменения приказом Министра образования и науки РК от 12 июня 2017 года №270.

3.УТВЕРЖДЕНА протокольным решением №2 заседания Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования от 30 июня 2016 года.

Настоящая типовая учебная программа не может быть тиражирована и распространена без разрешения Министерства образования и науки Республики Казахстан.

@ КазНУ аль-Фараби, 2017

ТОМGM 7201 ТҰҚЫМҚУАЛАУШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕРГІШТІКТІҢ МОЛЕКУЛАЛЫҚ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

(ғылыми және педагогикалық бағыт)

Көлемі - 3 кредит

Автор:

Айташева З.Г.- биология ғылымдарының докторы, молекулалық
биология және генетика кафедрасының профессоры

Рецензенттер:

Галиакпаров Н.Н. – Ph.D. доктор, өсімдіктер биологиясы және
биотехнологиясы Институтының меңгерушісі

Карпенюк Т.А. – биология ғылымдарының докторы, әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық университетінің биотехнология кафедрасының
профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» курсының бағдарламасы кредиттік технология негізінде «6D061400-Генетика» мамандығы бойынша докторанттарға дайындық курсын жүргізетін университеттерге арналған.

Осы курста про- және эукариоттардағы тұқымқуалаушылық пен өзгергіштіктің жүзеге асу механизмдерінің құрылымдық-функциональдық сипаттамалары толықтай зерттеледі.

Заманауи және классикалық генетиканың орталық бөлімі тұқымқуалаушылық және өзгергіштік сияқты факторлардың өзара қатынасы болып табылады. Бұл факторлар молекулалық биологияны және генетиканы зерттеудегі әр түрлі прокариоттық және эукариоттық ағзаларға қолданылатын арнайы объектілер және кілтті элементтер болып табылады. Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік белгілеріне ие ағзалар өкілдеріне микроорганизмдер (вирустар, бактериялар, протисталар, ашытқылар, микробалдырлар және т.б.), өсімдіктер, жануарлар, сонымен қатар, мамандандырылған клеткалар культуралары мен ұлпалар жатады.

Жалпы және молекулалық генетика тірі жүйелерде жүріп жатқан үрдістерге негізделген, яғни нәтижесінде тұқымқуалаушылық бекітіліп, клетка ұлпалары, жеке мүшелер және бүтін жүйелер деңгейінде тірі ағзаларда белгілі бір вариабельділік деңгейі қамтамасыз етіледі. Бұл курста прокариот және эукариоттардың арасында молекулалық деңгейде

өзгергіштіктің қолайлы деңгейін ұстап тұру және тұқымқуалаудың механизмдері сипатталып көрсетілген.

Бұл курс арқылы заманауи молекулалық генетиканың бөлімдері және гендердің экспрессиясының механизмдері, гендердің кластерлері, хромосомалар мен геномдарды оқу қарастырылады. Репарация, рекомбинация, геномдарды редакциялау, ядродан тыс тұқымқуалауды жүзеге асыру тәрізді механизмдерге ерекше назар аударылады.

Аталған пәнді оқытудың алдында өтілетін пәндер: Микробиология, Биохимия, Генетика және молекулалық биология – бұл пәндер тұқымқуалаушылық және өзгергіштік механизмдерін молекулалық деңгейде түсінуге мүмкіндік береді.

Қатар оқытылатын пәндер және олардың осы пәнмен өзара байланысы: Қазіргі биологияның мәселелері, Клеткаішілік реттелудің механизмдері, Геномның мобильділігі, Медициналық және молекулалық генетиканың қазіргі мәселелері және кәсіби элективтік пәндер про- және эукариоттардың тұқымқуалаушылық аппаратының ұйымдасуының құрылымдық-функционалдық ерекшелігін және гендер экспрессиясының принциптерін түсінуге көмектеседі.

Пәнді оқу нәтижесінде докторант:

білу керек: про- және эукариоттардың тұқымқуалаушылық аппаратының құрылымдық-функциональды ұйымдасу ерекшеліктерін; әр түрлі организмдердегі гендер экспрессиясын бақылаудың цис- және транс-факторлар көмегімен реттелу принциптерін; гендік инженерия мен молекулалық генетиканың заманауи принциптерін; молекулалық-генетикалық объектілер үлгісінде биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістерін; курстың тақырыптары бойынша зертханалық жағдайларда жұмыстарды орындау ережелерін; генетикалық ғылымды қажет ететін өндірісте гендер экспрессиясын қолданудың негізгі бағыттарын.

игеру керек: гендер экспрессиясының іс жүзінде тиімді механизмдерін талдауды; молекулалық деңгейде тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік элементтерінің реттелу принциптерін қолдануды; жылдамдықты талдауға арналған тесттік инкубациялық жүйелерді құрастыру және жануар, өсімдік, микроорганизмдер клеткаларына тән гендер экспрессиясының ерекшеліктері; курс тақырыптары бойынша зерттеулерге арналған заманауи виртуалды моделдерді талдауды.

Дағдылады болу керек: биомолекула және оның кешендері деңгейінде тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік элементтерін зерттеуге; гендер экспрессиясының жүйелерін әр түрлі деңгейде тестілеуге; молекулалық-генетикалық құралдармен жұмыс істеу (амплификаторлар, микроцентрифугалар, электрофорезге арналған құралдар, нуклеин қышқылдарын тасымалдау құралдары және т.б.); жалпы зертханалық құралдармен (стерилизаторлар, термостаттар, дистилляторлар, анализаторлар және т.б.), сонымен қата, арнайы құралдар мен ыдыстар жұмыс істеуге.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптар атауы
1	Кіріспе. Апериодикалық полимерлердің қызметі, құрылымы және рөлі. РНҚ құрылысының екіншілік және үшіншілік модельдері
2	«РНҚ әлемі» концепциясы және оның дамуының заманауи күйі. РНҚ-ң домендік ұйымдасуын зерттеудегі заманауи жетістіктері және молекулалық деңгейдегі эволюция мәселелері
3	Вирустар мен фагтарға тән реттегіш механизмдер. Вирустық аурулар және адам, жануар, өсімдік клеткаларындағы вирустардың гендер экспрессиясының реттелу мәселелері
4	Бактериальды геномның реттегіш механизмдері. Бактериальды инфекциялар және заманауи кезеңдегі адам мен жануарлар клеткаларындағы прокариоттық гендердің реттелу мәселелері
5	Мобильді генетикалық элементтер. Мобильді генетикалық элементтер көмегімен геном белсенділігін реттеудің зерттеу тарихы
6	Эукариот гендерінің өзара әрекеттесуі. Домен принциптері, тәуелсіз, кооперативті және интегральды реттелу
7	Эукариоттар гендерінің белсенділігін реттеу механизмдерінің әртүрлілігі
8	Про- және эукариоттардың спецификалық гендері (рРНҚ, тРНҚ және гистондар). рРНҚ және тРНҚ гендерінің кластеризациясы
9	Бактериальды клеткалардағы экспрессия кезіндегі эукариоттар гендерінің реттелуі. Прокариоттық жүйелердегі эукариот гендерінің экспрессиясы әдістері
10	Ашытқылар клеткаларындағы экспрессия кезіндегі эукариоттар гендерінің реттелуі. Ашытқы клеткаларындағы эукариот гендерінің экспрессиясы әдістері
11	Эукариоттар клеткаларындағы экспрессия кезіндегі эукариот гендерінің реттелуі. Эукариоттық клеткалардағы эукариот гендерінің экспрессия әдістері
12	Өсімдік геномын карталау мәселелері. Арабидопсис геномын карталау
13	Жануарлар геномын карталау мәселелері. Дрозофила геномын карталау
14	Адам геномын карталау мәселелері. «Адам геномы» жобасы
15	Сателитті ДНҚ-ның қызметі мен құрылымы. Мини- және микросателиттерді талдау

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Генетика және «Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» курсы XIX ғасырдың тәжірибелік

зерттеулерінен бастау алады. Бұл ғылымның ресми түрде туған жылы 1900 жыл болып есептеледі. Бірақ, өсімдіктердің селекциясы мен жануарларды шағылыстыру әрекеттері ертеден-ақ белгілі болған, себебі егіншілер мен мал шаруашылығымен айналысатын адамдар шаруашылыққа құнды организмдердің жаңа формаларын XV ғасырдан бастап-ақ зерттеген. Берілген курстың даму тарихы алғашқы кезеңнен (XIX ғасырдың екінші жартысы) басталады. Бұл кезеңде өсімдіктердегі тұқымқуалау принциптері (Мендель тәжірибелері) ашылып, митоз және мейоз процесстері анықталды. Тұқымқуалаушылықтың ұрпақтан-ұрпаққа берілу заңдылықтарының көбею жолдары үшін маңыздылығы ашылды (Страсбургер, Горожанкин, Гертвиг, Ван-Беневин, Флемминг, Чистяков, Вальдейр және т.б. (1878-1883 жж.)). Одан кейін екінші кезең басталды. Екінші кезеңде тұқым қуалаушылық бірлігінің құрылымы мен қызметі айқындалды және тұқымқуалаушылық пен өзгергіштіктің ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің молекулалық механизмдері анықталды (Томас Морган, Навашин, Серебряков, Вавилов, де Фриз, Корренс, Уотсон және Крик, Мезелсон и Сталь және т.б.). Қазіргі даму кезеңіне келер болсақ, ультрақұрылымдар қатарының ашылуымен сипатталады, яғни ДНҚ, РНҚ молекулаларының құрылымына, белоктарға, сигналды молекулаларға жете талдау жұмыстары және т.б. (Темин и Балтимор, Пэрдю и Галл, Спирин, Георгиев и Айтхожин, Файер, Сэнгер, Максам и Гилберт, Корана, Олвин и Кэмп, Мюллис, Файер және т.б.).

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» курсының мағынасы тұқымқуалаушылық ақпараттың ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің негізгі механизмдерін теориялық негіздеуден және жаңа бағыттарды жетілдіруден, яғни азық-түлік өнеркәсібі, жеңіл және ауыр өнеркәсіп өнімдері, алдыңғы қатардағы технологиялық өнімдер мен құралдарды жасаудан құралады. Осы курс негізінде молекулалық селекциялық жұмыстарды жүргізу мүмкіндіктеріне ие болдық. Ол өз алдына өсімдіктер мен жануарлардың практикалық селекциясының жетістіктерін, гендік модификацияланған тәсілдер негізіндегі молекулалық медицинаның, гендік терапияның, фармако- және нутригенетиканың, генодиагностика, молекулалық эпидемиология саласындағы жаңа жетістіктерді үйлестіре қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен, курстың практикалық рөлі жаңа азық-түлік тауарларын өндіру қызметі ғана емес, сонымен қатар, ел ішіндегі және халықаралық масштабта тағамдық және эпидемиологиялық қауіпсіздікті күшейту. Оған қоса, курсты кредиттік жүйе бойынша және үш тілде оқыту студенттердің инновациялық ойлануын дамытады және бағдарламалар мен жобаларды жасау мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» пәнін оқытудың мақсаты: Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік тәрізді маңызды генетикалық элементтер көмегімен жүзеге асырылатын прокариоттағы және эукариоттағы механизмдерді молекулалық деңгейде қарастыру.

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» пәнін оқытудың міндеттері:

- биомолекула деңгейінде тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің жүзеге асуының құрылымдық-функционалды ұйымдасу ерекшеліктерін зерттеу;
- про- және эукариоттардың гендер экспрессиясының реттелуінің негізгі механизмдерін үйрену;
- курстың әр түрлі тақырыптары бойынша зертханалық жұмыстар мен тапсырмаларды құрастыру принциптерімен таныстыру және оларды оқу процесінде, өнеркәсіптік өндіріс пен ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін шешуде қолдана білу;
- молекулалық-генетикалық талдау және генетикалық ғылымды қажет ететін өндірісте, ауыл шаруашылығында, медицинада, білім беру салаларында гендер экспрессиясының реттелуін модельдеу әдістерімен таныстыру;
- докторанттарға алған білімдерін теориялық дайындық деңгейін жоғарылатуға және оларды практикада қолдануға үйрету.

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» курсының мақсаты докторанттарды про- және эукариоттардың тұқымқуалаушылық ақпаратының ұйымдасуының құрылымдық-функционалды ерекшелігімен, молекулалық генетика және гендік инженерияның қазіргі принциптерімен, сонымен қатар, әртүрлі организмдердегі гендер экспрессиясының принциптерімен таныстыру.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кіріспе. Апериодикалық полимерлердің қызметі, құрылымы және рөлі. РНҚ құрылысының екіншілік және үшіншілік модельдері

Тірі жүйелердегі нуклеин қышқылдарының ұйымдасу деңгейлері: нуклеозидтер, нуклеотидтер, олардың апериодтылығы, азоттық негіздер, нуклеотидтердің қасиеттері, олигонуклеотидтер, РНҚ-ның екіншілік және үшіншілік құрылымдары, рРНҚ-ның домендік ұйымдасуы, рибосомалар мен рРНҚ-ның үшіншілік құрылымын талдаудың заманауи тәсілдері. Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік және олардың ДНҚ және РНҚ деңгейінде қолдау.

«РНҚ әлемі» концепциясы және оның дамуының заманауи күйі. РНҚ-н домендік ұйымдасуын зерттеудегі заманауи жетістіктер және молекулалық деңгейдегі эволюция мәселелері

Концепцияның негізгі жағдайлары. Гендер экспрессиясын зерттеуде концепцияның рөліне деген заманауи көзқарастар. Молекулалық биологияның орталық догмасы мен «РНҚ әлемі» концепциясы арасындағы өзара байланыс. РНҚ-ның домендік ұйымдасуының принциптері. Проторибосомалар, рибосомалар мен рРНҚ эволюциясы.

Бактериальды геномның реттегіш механизмдері. Бактериальды инфекциялар және заманауи кезеңдегі адам мен жануарлар клеткаларындағы прокариоттық гендердің реттелу мәселелері

Молекулалық деңгейде гендердің реттелуінің дамуына жол ашқан трансдукцияны, трансформацияны, лизогенияны, лизисті және басқа да құбылыстарды зерттеу. Бактериальды инфекциялар мен заманауи індеттерге талдау. Микроорганизмдердің антибиотиктерге деген супер-тұрақтылық мәселелері (асқын-тұрақтылық). Фагтардағы гендер экспрессиясының реттелуі. Ерте және кеш гендердің қатар жүруі. Кері кодтау принциптері және фагтардағы оқылу аймағын қайта жабу. Эукариот клеткаларындағы прокариот гендерінің экспрессиясы: жетістіктері мен болашағы.

Мобильді генетикалық элементтер. Мобильді генетикалық элементтер көмегімен геном белсенділігін реттеудің зерттеу тарихы

Адам, жануар, өсімдік және прокариоттардың тұрақсыз генетикалық элементтері үлгісінде өзгергіштіктің генетикалық қасиеттеріне талдау. Бактериялардың мобильді генетикалық элементтері. Өсімдіктердің мобильді генетикалық элементтері. Жануарлар мен адамдардың транспозондары. Транспозондар мен ретротранспозондарды зерттеудегі заманауи жетістіктер. Мобильді генетикалық элементтер жүйелеріне салыстырмалы талдау. Геном мен транспозондардың эволюциясы.

Эукариот гендерінің өзара әрекеттесуі. Домен принциптері, тәуелсіз, кооперативті және интегральды реттелу

Эукариотты клеткалар үлгісінде гендердің өзара әрекеттесу мәселелерін зерттеудің тарихи аспектісі. Эукариоттардың даму гендері мен иммунды гендер үлгісіндегі домен принциптері, тәуелсіз, кооперативті және интегральды реттелу. Мақалалар, оқу құралдары және заманауи оқулықтар бойынша мәселенамаға талдау.

Эукариоттар гендерінің белсенділігін реттеу механизмдерінің әртүрлілігі

Гендер экспрессиясының уақытша және кеңістіктік реттелу принциптері. Активті гендердің ұлпалық арнайылығы мен дифференциальды реттелуі. Заманауи генетиканың дамуы, мінез-құлық генетикасы, нутригенетика және т.б. генетиканың заманауи бөлімдерінің дамуы мен қалыптасуындағы эукариот гендерінің белсенділігінің реттелу механизмдерін зерттеудің рөлі. Гендер белсенділіктерінің эпигенетикалық реттелуі.

Про- және эукариоттардың спецификалық гендері (рРНҚ, тРНҚ және гистондар). Рибосомалық РНҚ және транспорттық РНҚ гендерінің кластеризациясы

РНҚ гендерінің кластерлі ұйымдасуына талдау. тРНҚ және рРНҚ үшін прокариотты гендер. рРНҚ мен тРНҚ, гистондар үшін эукариотты гендерге

талдау. РНҚ-ны кодтамайтын кластеризацияның жалпы жобасын бекіту, мүмкін болатын себептер мен салдарлар.

Бактериальды клеткалардағы экспрессия кезіндегі эукариоттар гендерінің реттелуі. Прокариоттық жүйелердегі эукариот гендерінің экспрессия әдістері

Бактериальды клеткалардағы адам, жануар гендер экспрессияларының реттелуі. Бактериальды клеткалардағы экспрессия жүйелеріндегі ашытқы гендеріне талдау. Агробактериялардағы векторлы экспрессия кезіндегі өсімдік гендеріне талдау.

Ашытқылар клеткаларындағы экспрессия кезіндегі эукариоттар гендерінің реттелуі. Ашытқы клеткаларындағы эукариот гендерінің экспрессия әдістері

Эукариот гендер экспрессиясының ашытқы жүйесі: артықшылықтары мен кемшіліктері. Ашытқы жүйесіндегі эукариот гендерінің белсенділігін бақылауды зерттеу. Эукариот гендерінің гетеро экспрессиясына арналған ашытқылардың заманауи штаммдары. Эукариотты клеткалардан препаратты белокты алуға қолданылатын ашытқы клеткаларының коммерциялық линиялары.

Эукариоттар клеткаларындағы экспрессия кезіндегі эукариот гендерінің реттелуі

Эукариотты клеткалар басқа эукариоттардың гендер экспрессиясы үшін нысана: артықшылықтары мен кемшіліктері. Эукариотты жүйелердегі эукариот гендерінің белсенділігін бақылауды зерттеу. Эукариот гендерінің гетеро экспрессиясына арналған эукариотты клеткалардың заманауи жүйелері. Басқа эукариотты объектілерден препаратты белокты алуға қолданылатын эукариотты клеткалардың коммерциялық линиялары.

Эукариоттық клеткалардағы эукариот гендерінің экспрессия әдістері

Эукариот гендер экспрессиясының негізгі әдістері, гибридті жүйелер, тұндыру жүйелері, синтетикалық белоктар мен олардың қысқа аналогтарын қатар тұндыру жүйелері. Тесттік жүйелерге белоктардың ең төменгі концентрацияларын тіркеу әдістері. Мәселелер мен оларды шешу жолдары.

Өсімдік геномын карталау мәселелері. Арабидопсис геномын карталау

Астық тұқымдастардың, бұршақ тұқымдастардың, арабидопсисдың, техникалық дақылдардың (рапс, күнбағыс, ақ жүгері және т.б.) геномын карталаудағы жалпы сұрақтар. Арабидопсисдың жеке хромосомаларын карталау. Арабидопсис және т.б. өсімдік гендерінің функционалды

ерекшеліктерін зерттеу. Геномиканың, протеомиканың, метаболомиканың, нутриомиканың және феномиканың заманауи мәселелері.

Жануарлар геномын карталау мәселелері. Дрозофила геномын карталау

Тышқанның, приматтардың, ірі қара малдың, қойдың, кеміргіштердің және т.б. жануарлардың геномын карталаудағы негізгі жетістіктер. Даму, онкогенезге, стресске тұрақты гендерді карталауға және зерттеуге негізделген заманауи дрозофила генетикасы ғылым ретінде.

Адам геномын карталау мәселелері. «Адам геномы» жобасы

«Адам геномы» жобасы молекулалық биологияның заманауи даму тарихы ретінде. Адамның функционалды гендерінің кілтті топтары. Геномның реттеуші аймақтары. Центромера аймақтары және карталаудағы гетерохроматин. Эухроматинді аймақтар мен оларды карталау. Адамды, жануарларды, жәндіктерді зерттеудегі карталаудың рөлі. Генетикалық картаны талдаудың заманауи әдістері мен хроматиннің құрылымы.

Сателитті ДНҚ-ның қызметі мен құрылымы. Мини- және микросаттелиттерді талдау

Адам геномының теломерлі аудандары. Сателитті ДНҚ-ның құрылымы мен қызметі, адам мен жануарлар онтогенезі бойына протеомды, фенотипті және геномды талдау әдісі ретінде ДНҚ фрагменттерінің мини- және микросаттелиттерін талдау. Эволюцияны, сыртқа және тіршілікке қабілеттілікті болжаудағы теломерлі ұйымдасудың, хроматиннің соңды аудандарының рөлі.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. РНҚ құрылысының екіншілік және үшіншілік модельдері.
2. РНҚ-ның домендік ұйымдасуы мен оның эволюциясын талдау бағдарламалары.
3. Өсімдіктердегі вирустық РНҚ-ның экспрессия реттелулерін зерттеу әдістері.
4. Бактериалды гендердің экспрессиясы тәжірибелеріндегі молекулалық генетиканың тарихы.
5. Жүгерінің мобильді генетикалық элементтері.
6. Зертханалық тышқандар үлгісіндегі эукариот гендерінің өзара әрекеттесуі.
7. Жүгері мен тышқан үлгісіндегі эукариотты гендердің белсенділіктері.
8. рРНҚ мен тРНҚ үлгісіндегі кластерлі гендерді зерттеу бағдарламалары.
9. Ашытқы клеткалары гендерді экспрессиясының тестері ретінде.

10. Өсімдіктердің генетикалық картасын құрастыру.
11. Адамның генетикалық картасын құрастыру.
12. Тышқан мен дрозофиланың геномын карталау.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Эукариот гендерінің өзара әрекеттесуі. Домен принциптері, тәуелсіз, кооперативті және интегралды реттелу.
2. Гендер белсенділіктерінің реттелуінің әр түрлі әдістері.
3. рРНҚ мен гистондардың спецификалық гендері.
4. Гендердің кластерлі ұйымдасу принциптері.
5. Импритингтің заманауи жетістіктері.
6. Молекулалық деңгейде эпигенетикалық бақылаудың заманауи жетістіктері.
7. Прокариотты жүйелердегі эукариот гендер экспрессиясының әдістеріне шолу.
8. Ашытқы клеткаларындағы эукариот гендерінің реттелуі.
9. Эукариоттардың гетеро клеткаларындағы эукариот гендерінің реттелуі.
10. Арабидопсис гендерін зерттеу мәселелері.
11. Дрозофила гендерін зерттеу мәселелері.
12. Адам (жануар) гендерін карталауды талдау мәселелері.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Эукариот гендерінің өзара әрекеттесуін талдау әдістерін зерттеу.
2. Гендер белсенділігін тіркеу әдістерін талдау.
3. Тышқандардағы рРНҚ мен гистондардың спецификалық гендері.
4. Гендердің интегралды әрекеттесуін зерттеу.
5. Жай және күрделі энхансерлердің қызметі мен құрылымын зерттеу.
6. Гендер белсенділіктерінің эпигенетикалық реттелулері бойынша эксперименталды жұмыстарға талдау.
7. Прокариотты жүйелердегі эукариот гендерін бақылаудың эксперименталды жүйелерін зерттеу.
8. Ашытқы клеткаларындағы экспрессия кезіндегі адам гендерін зерттеу.
9. Эукариотты жүйелер экспрессиясындағы эукариотты гендерге талдау.
10. Арабидопсис гендерін карталау.
11. Дрозофиланың жеке гендеріне талдау.
12. Сүтқоректілердің генетикалық карталарына талдау.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Коничев А.С., Севастьянова Г.А. Молекулярная биология. - М., Изд. центр «Академия», 2005 г., изд. 2-е испр. - 400 с.
2. Watson J., Baker T.A., Bell S.P., Gann A., Levine M., Losick R. Molecular Biology of the Gene (5th ed.). - Cold pring Harbor Laboratory Press, 2004. - 732 p.
3. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. – 2-е изд., испр. и доп. – Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2003. – 479 с.
4. Щелкунов С.Н. Генетическая инженерия. – Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2004. – 496 с.
5. Dale J.W., von Schantz M., N. Plant. From Genes to Genomes: Concepts and Applications of DNA Technology (3rd ed). - Wiley& Sons, Ltd., 2012. - 400 p.
6. Brown T.A., Brown K. Biomolecular Archaeology. - Wiley& Sons, Ltd., 2010. - 336 p.

Қосымша:

1. Lodish H., Berk A., Matsudaira P., Kaiser C.A., Krieger M., Scott M.P. Molecular Cell Biology (5th ed.). - N.Y.: Freeman W. H. and Co, 2004. - 973 p.
2. Reece R. J. Analysis of Genes and Genomes. - Wiley& Sons, Ltd., 2003. 469 p.
3. Конарев В.Г. Молекулярная биология в познании генетических и морфогенетических процессов у растений. – СПб.: ВИР, 2002. 49с.
4. Walker J.M., Raply R. Molecular Biology and Biotechnology (5th ed.). - UK: Royal Society of Chemistry, 2009. - 585 p.
5. Dale J.W., Park S.F. Molecular genetics of bacteria. - USA: Wiley-Black Well, 2010. - 622 p.
6. Howell S.H. Molecular genetics of plant development. - USA: Cambridge University Press, 2000. - 337 p.

Зертханалық сабақтарға:

1. Максимова Н.П. Молекулярная генетика. Сборник заданий и тестов. - Мн.: БГУ, 2003. - 189 с.
2. Максимова Н.П. Сборник задач по генетике: для студентов биологического факультета. - Минск: БГУ, 2008. - 168 с.

Интернет-ресурстар:

- http://en.wikipedia.org/wiki/Regulation_of_gene_expression
<http://users.rcn.com/jkimball.ma.ultranet/BiologyPages/P/Promoter.html>
www.sciencemag.org/cgi/content/full/319/5871/1781b (Video: gene regulation)
<http://download.nehudlit.ru/nehudlit/self0008/collado-vides.rar> (Collado-Vides J. Gene regulation and Metabolism. Electronic Textbook)
<http://allrefs.net/c27/3x3hz/>
http://www.bio.bsu.by/genetics/molecular_genetics.html

ТОМGM 7201 ТҰҚЫМҚУАЛАУШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕРГІШТІКТІҢ МОЛЕКУЛАЛЫҚ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

(бейіндік бағыт)

Көлемі - 3 кредит

Автор:

Айташева З.Г.- биология ғылымдарының докторы, молекулалық
биология және генетика кафедрасының профессоры

Рецензенттер:

Галиакпаров Н.Н. – Ph.D. доктор, өсімдіктер биологиясы және
биотехнологиясы Институтының меңгерушісі

Карпенюк Т.А. – биология ғылымдарының докторы, әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық университетінің биотехнология кафедрасының
профессоры

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» курсының бағдарламасы кредиттік технология негізінде «6D061400-Генетика» мамандығы бойынша докторанттарға дайындық курсын жүргізетін университеттерге арналған.

Осы курста про- және эукариоттардағы тұқымқуалаушылық пен өзгергіштіктің жүзеге асу механизмдерінің құрылымдық-функциональдық сипаттамалары толықтай зерттеледі.

Заманауи және классикалық генетиканың орталық бөлімі тұқымқуалаушылық және өзгергіштік сияқты факторлардың өзара қатынасы болып табылады. Бұл факторлар молекулалық биологияны және генетиканы зерттеудегі әр түрлі прокариоттық және эукариоттық ағзаларға қолданылатын арнайы объектілер және кілтті элементтер болып табылады. Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік белгілеріне ие ағзалар өкілдеріне микроорганизмдер (вирустар, бактериялар, протисталар, ашытқылар, микробалдырлар және т.б.), өсімдіктер, жануарлар, сонымен қатар, мамандандырылған клеткалар культуралары мен ұлпалар жатады.

Жалпы және молекулалық генетика тірі жүйелерде жүріп жатқан үрдістерге негізделген, яғни нәтижесінде тұқымқуалаушылық бекітіліп, клетка ұлпалары, жеке мүшелер және бүтін жүйелер деңгейінде тірі ағзаларда белгілі бір вариабельділік деңгейі қамтамасыз етіледі. Бұл курста прокариот және эукариоттардың арасында молекулалық деңгейде өзгергіштіктің қолайлы деңгейін ұстап тұру және тұқымқуалаудың механизмдері сипатталып көрсетілген.

Бұл курс арқылы заманауи молекулалық генетиканың бөлімдері және гендердің экспрессиясының механизмдері, гендердің кластерлері, хромосомалар мен геномдарды оқу қарастырылады. Репарация, рекомбинация, геномдарды редакциялау, ядродан тыс тұқымқуалауды жүзеге асыру тәрізді механизмдерге ерекше назар аударылады.

Аталған пәнді оқытудың алдында өтілетін пәндер: микробиология, биохимия, генетика және молекулалық биология – бұл пәндер тұқымқуалаушылық және өзгергіштік механизмдерін молекулалық деңгейде түсінуге мүмкіндік береді.

Қатар оқытылатын пәндер және олардың осы пәнмен өзара байланысы: Қазіргі биологияның мәселелері, Клеткаішілік реттелудің механизмдері, Геномның мобильділігі, Медициналық және молекулалық генетиканың қазіргі мәселелері және кәсіби элективтік пәндер про- және эукариоттардың тұқымқуалаушылық ақпаратының ұйымдасуының құрылымдық-функционалдық ерекшелігін және гендер экспрессиясының принциптерін түсінуге көмектеседі.

Пәнді оқу нәтижесінде докторант:

білу керек: про- және эукариоттардың тұқымқуалаушылық аппаратының құрылымдық-функциональды ұйымдасу ерекшеліктерін; әр түрлі организмдердегі гендер экспрессиясын бақылаудың цис- және транс-факторлар көмегімен реттелу принциптерін; гендік инженерия мен молекулалық генетиканың заманауи принциптерін; молекулалық-генетикалық объектілер үлгісінде биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістерін; курстың тақырыптары бойынша зертханалық жағдайларда жұмыстарды орындау ережелерін; генетикалық ғылымды қажет ететін өндірісте гендер экспрессиясын қолданудың негізгі бағыттарын.

игеру керек: гендер экспрессиясының іс жүзінде тиімді механизмдерін талдауды; молекулалық деңгейде тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік элементтерінің реттелу принциптерін қолдануды; жылдамдықты талдауға арналған тесттік инкубациялық жүйелерді құрастыру және жануар, өсімдік, микроорганизмдер клеткаларына тән гендер экспрессиясының ерекшеліктері; курс тақырыптары бойынша зерттеулерге арналған заманауи виртуалды моделдерді талдау.

дағдылады болу керек: биомолекула және оның кешендері деңгейінде тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік элементтерін зерттеуге; гендер экспрессиясының жүйелерін әр түрлі деңгейде тестілеуге; молекулалық-генетикалық құралдармен жұмыс істеуге (амплификаторлар, микроцентрифугалар, электрофорезге арналған құралдар, нуклеин қышқылдарын тасымалдау құралдары және т.б.); жалпы зертханалық құралдармен (стерилизаторлар, термостаттар, дистилляторлар, анализаторлар және т.б.), сонымен қата, арнайы құралдар мен ыдыстар жұмыс істеуге.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыптар атауы
1	Кіріспе. Апериодикалық полимерлердің қызметі, құрылымы және рөлі. РНҚ құрылысының екіншілік және үшіншілік модельдері
2	«РНҚ әлемі» концепциясы және оның дамуының заманауи күйі. РНҚ-ң домендік ұйымдасуын зерттеудегі заманауи жетістіктері және молекулалық деңгейдегі эволюция мәселелері
3	Вирустар мен фагтарға тән реттегіш механизмдер. Вирустық аурулар және адам, жануар, өсімдік клеткаларындағы вирустардың гендер экспрессиясының реттелу мәселелері
4	Бактериальды геномның реттегіш механизмдері. Бактериальды инфекциялар және заманауи кезеңдегі адам мен жануарлар клеткаларындағы прокариоттық гендердің реттелу мәселелері
5	Мобильді генетикалық элементтер. Мобильді генетикалық элементтер көмегімен геном белсенділігін реттеудің зерттеу тарихы
6	Эукариот гендерінің өзара әрекеттесуі. Домен принциптері, тәуелсіз, кооперативті және интегральды реттелу
7	Эукариоттар гендерінің белсенділігін реттеу механизмдерінің әртүрлілігі
8	Про- және эукариоттардың спецификалық гендері (рРНҚ, тРНҚ және гистондар). рРНҚ және тРНҚ гендерінің кластеризациясы
9	Бактериальды клеткалардағы экспрессия кезіндегі эукариоттар гендерінің реттелуі. Прокариоттық жүйелердегі эукариот гендерінің экспрессиясы әдістері
10	Ашытқылар клеткаларындағы экспрессия кезіндегі эукариоттар гендерінің реттелуі. Ашытқы клеткаларындағы эукариот гендерінің экспрессиясы әдістері
11	Эукариоттар клеткаларындағы экспрессия кезіндегі эукариот гендерінің реттелуі. Эукариоттық клеткалардағы эукариот гендерінің экспрессия әдістері
12	Өсімдік геномын карталау мәселелері. Арабидопсис геномын карталау
13	Жануарлар геномын карталау мәселелері. Дрозофила геномын карталау
14	Адам геномын карталау мәселелері. «Адам геномы» жобасы
15	Сателитті ДНҚ-ның қызметі мен құрылымы. Мини- және микросателиттерді талдау

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Генетика және «Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» курсы XIX ғасырдың тәжірибелік

зерттеулерінен бастау алады. Бұл ғылымның ресми түрде туған жылы 1900 жыл болып есептеледі. Бірақ, өсімдіктердің селекциясы мен жануарларды шағылыстыру әрекеттері ертеден-ақ белгілі болған, себебі егіншілер мен мал шаруашылығымен айналысатын адамдар шаруашылыққа құнды организмдердің жаңа формаларын XV ғасырдан бастап-ақ зерттеген. Берілген курстың даму тарихы алғашқы кезеңнен (XIX ғасырдың екінші жартысы) басталады. Бұл кезеңде өсімдіктердегі тұқымқуалау принциптері (Мендель тәжірибелері) ашылып, митоз және мейоз процесстері анықталды. Тұқымқуалаушылықтың ұрпақтан-ұрпаққа берілу заңдылықтарының көбею жолдары үшін маңыздылығы ашылды (Страсбургер, Горожанкин, Гертвиг, Ван-Беневин, Флемминг, Чистяков, Вальдейр және т.б. (1878-1883 жж.)). Одан кейін екінші кезең басталды. Екінші кезеңде тұқым қуалаушылық бірлігінің құрылымы мен қызметі айқындалды және тұқымқуалаушылық пен өзгергіштіктің ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің молекулалық механизмдері анықталды (Томас Морган, Навашин, Серебряков, Вавилов, де Фриз, Корренс, Уотсон және Крик, Мезелсон и Сталь және т.б.). Қазіргі даму кезеңіне келер болсақ, ультрақұрылымдар қатарының ашылуымен сипатталады, яғни ДНҚ, РНҚ молекулаларының құрылымына, белоктарға, сигналды молекулаларға жете талдау жұмыстары және т.б. (Темин и Балтимор, Пэрдью и Галл, Спирин, Георгиев и Айтхожин, Файер, Сэнгер, Максам и Гилберт, Корана, Олвин и Кэмп, Мюллис, Файер және т.б.).

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» курсының мағынасы тұқымқуалаушылық ақпараттың ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің негізгі механизмдерін теориялық негіздеуден және жаңа бағыттарды жетілдіруден, яғни азық-түлік өнеркәсібі, жеңіл және ауыр өнеркәсіп өнімдері, алдыңғы қатардағы технологиялық өнімдер мен құралдарды жасаудан құралады. Осы курс негізінде молекулалық селекциялық жұмыстарды жүргізу мүмкіндіктеріне ие болдық. Ол өз алдына өсімдіктер мен жануарлардың практикалық селекциясының жетістіктерін, гендік модификацияланған тәсілдер негізіндегі молекулалық медицинаның, гендік терапияның, фармако- және нутригенетиканың, генодиагностика, молекулалық эпидемиология саласындағы жаңа жетістіктерді үйлестіре қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен, курстың практикалық рөлі жаңа азық-түлік тауарларын өндіру қызметі ғана емес, сонымен қатар, ел ішіндегі және халықаралық масштабта тағамдық және эпидемиологиялық қауіпсіздікті күшейту. Оған қоса, курсты кредиттік жүйе бойынша және үш тілде оқыту студенттердің инновациялық ойлануын дамытады және бағдарламалар мен жобаларды жасау мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» пәнін оқытудың мақсаты: Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік тәрізді маңызды генетикалық элементтер көмегімен жүзеге асырылатын прокариоттағы және эукариоттағы механизмдерді молекулалық деңгейде қарастыру.

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» пәнін оқытудың міндеттері:

- биомолекула деңгейінде тұқымқуалаушылық пен өзгергіштіктің жүзеге асуының құрылымдық-функциональды ұйымдасу ерекшеліктерін зерттеу;
- про- және эукариоттардың гендер экспрессиясының реттелуінің негізгі механизмдерін үйрену;
- курстың әр түрлі тақырыптары бойынша зертханалық жұмыстар мен тапсырмаларды құрастыру принциптерімен таныстыру және оларды оқу процесінде, өнеркәсіптік өндіріс пен ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін шешуде қолдана білу;
- молекулалық-генетикалық талдау және генетикалық ғылымды қажет ететін өндірісте, ауыл шаруашылығында, медицинада, білім беру салаларында гендер экспрессиясының реттелуін модельдеу әдістерімен таныстыру;
- докторанттарға алған білімдерін теориялық дайындық деңгейін жоғарылатуға және оларды практикада қолдануға үйрету.

«Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің молекулалық-генетикалық механизмдері» курсының мақсаты докторанттарды про- және эукариоттардың тұқымқуалаушылық ақпаратының ұйымдасуының құрылымдық-функциональды ерекшелігімен, молекулалық генетика және гендік инженерияның қазіргі принциптерімен, сонымен қатар, әртүрлі организмдердегі гендер экспрессиясының принциптерімен таныстыру.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кіріспе. Апериодикалық полимерлердің қызметі, құрылымы және рөлі. РНҚ құрылысының екіншілік және үшіншілік модельдері

Тірі жүйелердегі нуклеин қышқылдарының ұйымдасу деңгейлері: нуклеозидтер, нуклеотидтер, олардың апериодтылығы, азоттық негіздер, нуклеотидтердің қасиеттері, олигонуклеотидтер, РНҚ-ның екіншілік және үшіншілік құрылымдары, рРНҚ-ның домендік ұйымдасуы, рибосомалар мен рРНҚ-ның үшіншілік құрылымын талдаудың заманауи тәсілдері. Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік және олардың ДНҚ және РНҚ деңгейінде қолдау.

«РНҚ әлемі» концепциясы және оның дамуының заманауи күйі. РНҚ-н домендік ұйымдасуын зерттеудегі заманауи жетістіктер және молекулалық деңгейдегі эволюция мәселелері

Концепцияның негізгі жағдайлары. Гендер экспрессиясын зерттеуде концепцияның рөліне деген заманауи көзқарастар. Молекулалық биологияның орталық догмасы мен «РНҚ әлемі» концепциясы арасындағы өзара байланыс. РНҚ-ның домендік ұйымдасуының принциптері. Проторибосомалар, рибосомалар мен рРНҚ эволюциясы.

Бактериальды геномның реттегіш механизмдері. Бактериальды инфекциялар және заманауи кезеңдегі адам мен жануарлар клеткаларындағы прокариоттық гендердің реттелу мәселелері

Молекулалық деңгейде гендердің реттелуінің дамуына жол ашқан трансдукцияны, трансформацияны, лизогенияны, лизисті және басқа да құбылыстарды зерттеу. Бактериальды инфекциялар мен заманауи індеттерге талдау. Микроорганизмдердің антибиотиктерге деген супер-тұрақтылық мәселелері (асқын-тұрақтылық). Фагтардағы гендер экспрессиясының реттелуі. Ерте және кеш гендердің қатар жүруі. Кері кодтау принциптері және фагтардағы оқылу аймағын қайта жабу. Эукариот клеткаларындағы прокариот гендерінің экспрессиясы: жетістіктері мен болашағы.

Мобильді генетикалық элементтер. Мобильді генетикалық элементтер көмегімен геном белсенділігін реттеудің зерттеу тарихы

Адам, жануар, өсімдік және прокариоттардың тұрақсыз генетикалық элементтері үлгісінде өзгергіштіктің генетикалық қасиеттеріне талдау. Бактериялардың мобильді генетикалық элементтері. Өсімдіктердің мобильді генетикалық элементтері. Жануарлар мен адамдардың транспозондары. Транспозондар мен ретротранспозондарды зерттеудегі заманауи жетістіктер. Мобильді генетикалық элементтер жүйелеріне салыстырмалы талдау. Геном мен транспозондардың эволюциясы.

Эукариот гендерінің өзара әрекеттесуі. Домен принциптері, тәуелсіз, кооперативті және интегральды реттелу

Эукариотты клеткалар үлгісінде гендердің өзара әрекеттесу мәселелерін зерттеудің тарихи аспектісі. Эукариоттардың даму гендері мен иммунды гендер үлгісіндегі домен принциптері, тәуелсіз, кооперативті және интегральды реттелу. Мақалалар, оқу құралдары және заманауи оқулықтар бойынша мәселенамаға талдау.

Эукариоттар гендерінің белсенділігін реттеу механизмдерінің әртүрлілігі

Гендер экспрессиясының уақытша және кеңістіктік реттелу принциптері. Активті гендердің ұлпалық арнайылығы мен дифференциальды реттелуі. Заманауи генетиканың дамуы, мінез-құлық генетикасы, нутригенетика және т.б. генетиканың заманауи бөлімдерінің дамуы мен қалыптасуындағы эукариот гендерінің белсенділігінің реттелу механизмдерін зерттеудің рөлі. Гендер белсенділіктерінің эпигенетикалық реттелуі.

Про- және эукариоттардың спецификалық гендері (рРНҚ, тРНҚ және гистондар). Рибосомалық РНҚ және транспорттық РНҚ гендерінің кластеризациясы

РНҚ гендерінің кластерлі ұйымдасуына талдау. тРНҚ және рРНҚ үшін прокариотты гендер. рРНҚ мен тРНҚ, гистондар үшін эукариотты гендерге

талдау. РНҚ-ны кодтамайтын кластеризацияның жалпы жобасын бекіту, мүмкін болатын себептер мен салдарлар.

Бактериальды клеткалардағы экспрессия кезіндегі эукариоттар гендерінің реттелуі. Прокариоттық жүйелердегі эукариот гендерінің экспрессия әдістері

Бактериальды клеткалардағы адам, жануар гендер экспрессияларының реттелуі. Бактериальды клеткалардағы экспрессия жүйелеріндегі ашытқы гендеріне талдау. Агробактериялардағы векторлы экспрессия кезіндегі өсімдік гендеріне талдау.

Ашытқылар клеткаларындағы экспрессия кезіндегі эукариоттар гендерінің реттелуі. Ашытқы клеткаларындағы эукариот гендерінің экспрессия әдістері

Эукариот гендер экспрессиясының ашытқы жүйесі: артықшылықтары мен кемшіліктері. Ашытқы жүйесіндегі эукариот гендерінің белсенділігін бақылауды зерттеу. Эукариот гендерінің гетеро экспрессиясына арналған ашытқылардың заманауи штаммдары. Эукариотты клеткалардан препаратты белокты алуға қолданылатын ашытқы клеткаларының коммерциялық линиялары.

Эукариоттар клеткаларындағы экспрессия кезіндегі эукариот гендерінің реттелуі

Эукариотты клеткалар басқа эукариоттардың гендер экспрессиясы үшін нысана: артықшылықтары мен кемшіліктері. Эукариотты жүйелердегі эукариот гендерінің белсенділігін бақылауды зерттеу. Эукариот гендерінің гетеро экспрессиясына арналған эукариотты клеткалардың заманауи жүйелері. Басқа эукариотты объектілерден препаратты белокты алуға қолданылатын эукариотты клеткалардың коммерциялық линиялары.

Эукариоттық клеткалардағы эукариот гендерінің экспрессия әдістері

Эукариот гендер экспрессиясының негізгі әдістері, гибридті жүйелер, тұндыру жүйелері, синтетикалық белоктар мен олардың қысқа аналогтарын қатар тұндыру жүйелері. Тесттік жүйелерге белоктардың ең төменгі концентрацияларын тіркеу әдістері. Мәселелер мен оларды шешу жолдары.

Өсімдік геномын карталау мәселелері. Арабидопсис геномын карталау

Астық тұқымдастардың, бұршақ тұқымдастардың, арабидопсисдың, техникалық дақылдардың (рапс, күнбағыс, ақ жүгері және т.б.) геномын карталаудағы жалпы сұрақтар. Арабидопсисдың жеке хромосомаларын карталау. Арабидопсис және т.б. өсімдік гендерінің функционалды

ерекшеліктерін зерттеу. Геномиканың, протеомиканың, метаболомиканың, нутриомиканың және феномиканың заманауи мәселелері.

Жануарлар геномын карталау мәселелері. Дрозофила геномын карталау

Тышқанның, приматтардың, ірі қара малдың, қойдың, кеміргіштердің және т.б. жануарлардың геномын карталаудағы негізгі жетістіктер. Даму, онкогенезге, стресске тұрақты гендерді карталауға және зерттеуге негізделген заманауи дрозофила генетикасы ғылым ретінде.

Адам геномын карталау мәселелері. «Адам геномы» жобасы

«Адам геномы» жобасы молекулалық биологияның заманауи даму тарихы ретінде. Адамның функционалды гендерінің кілтті топтары. Геномның реттеуші аймақтары. Центромера аймақтары және карталаудағы гетерохроматин. Эухроматинді аймақтар мен оларды карталау. Адамды, жануарларды, жәндіктерді зерттеудегі карталаудың рөлі. Генетикалық картаны талдаудың заманауи әдістері мен хроматиннің құрылымы.

Сателитті ДНҚ-ның қызметі мен құрылымы. Мини- және микросаттелиттерді талдау

Адам геномының теломерлі аудандары. Сателитті ДНҚ-ның құрылымы мен қызметі, адам мен жануарлар онтогенезі бойына протеомды, фенотипті және геномды талдау әдісі ретінде ДНҚ фрагменттерінің мини- және микросаттелиттерін талдау. Эволюцияны, сырқатты және тіршілікке қабілеттілікті болжаудағы теломерлі ұйымдасудың, хроматиннің соңды аудандарының рөлі.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. РНҚ құрылысының екіншілік және үшіншілік модельдері.
2. РНҚ-ның домендік ұйымдасуы мен оның эволюциясын талдау бағдарламалары.
3. Өсімдіктердегі вирустық РНҚ-ның экспрессия реттелулерін зерттеу әдістері.
4. Бактериалды гендердің экспрессиясы тәжірибелеріндегі молекулалық генетиканың тарихы.
5. Жүгерінің мобильді генетикалық элементтері.
6. Зертханалық тышқандар үлгісіндегі эукариот гендерінің өзара әрекеттесуі.
7. Жүгері мен тышқан үлгісіндегі эукариотты гендердің белсенділіктері.
8. рРНҚ мен тРНҚ үлгісіндегі кластерлі гендерді зерттеу бағдарламалары.

9. Ашытқы клеткалары гендерді экспрессиясының тестері ретінде.
10. Өсімдіктердің генетикалық картасын құрастыру.
11. Адамның генетикалық картасын құрастыру.
12. Тышқан мен дрозofilаның геномын карталау.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Эукариот гендерінің өзара әрекеттесуі. Домен принциптері, тәуелсіз, кооперативті және интегралды реттелу.
2. Гендер белсенділіктерінің реттелуінің әр түрлі әдістері.
3. рРНҚ мен гистондардың спецификалық гендері.
4. Гендердің кластерлі ұйымдасу принциптері.
5. Импрингтің заманауи жетістіктері.
6. Молекулалық деңгейде эпигенетикалық бақылаудың заманауи жетістіктері.
7. Прокариотты жүйелердегі эукариот гендер экспрессиясының әдістеріне шолу.
8. Ашытқы клеткаларындағы эукариот гендерінің реттелуі.
9. Эукариоттардың гетеро клеткаларындағы эукариот гендерінің реттелуі.
10. Арабидопсис гендерін зерттеу мәселелері.
11. Дрозифила гендерін зерттеу мәселелері.
12. Адам (жануар) гендерін карталауды талдау мәселелері.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІ

1. Эукариот гендерінің өзара әрекеттесуін талдау әдістерін зерттеу.
2. Гендер белсенділігін тіркеу әдістерін талдау.
3. Тышқандардағы рРНҚ мен гистондардың спецификалық гендері.
4. Гендердің интегралды әрекеттесуін зерттеу.
5. Жай және күрделі энхансерлердің қызметі мен құрылымын зерттеу.
6. Гендер белсенділіктерінің эпигенетикалық реттелулері бойынша эксперименталды жұмыстарға талдау.
7. Прокариотты жүйелердегі эукариот гендерін бақылаудың эксперименталды жүйелерін зерттеу.
8. Ашытқы клеткаларындағы экспрессия кезіндегі адам гендерін зерттеу.
9. Эукариотты жүйелер экспрессиясындағы эукариотты гендерге талдау.
10. Арабидопсис гендерін карталау.
11. Дрозифиланың жеке гендеріне талдау.
12. Сүтқоректілердің генетикалық карталарына талдау.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. Коничев А.С., Севастьянова Г.А. Молекулярная биология. - М.: Изд. центр «Академия», 2005 г., изд. 2-е испр. - 400 с.
2. Watson J., Baker T.A., Bell S.P., Gann A., Levine M., Losick R. Molecular Biology of the Gene (5th ed.). - Cold Spring Harbor Laboratory Press, 2004. - 732 p.
3. Жимулев И.Ф. Общая и молекулярная генетика. – 2-е изд., испр. и доп. – Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2003. – 479 с.
4. Щелкунов С.Н. Генетическая инженерия. – Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2004. – 496 с.
5. Dale J.W., von Schantz M., N. Plant. From Genes to Genomes: Concepts and Applications of DNA Technology (3rd ed). - Wiley & Sons, Ltd., 2012. - 400 p.
6. Brown T.A., Brown K. Biomolecular Archaeology. - Wiley & Sons, Ltd., 2010. - 336 p.

Қосымша:

1. Lodish H., Berk A., Matsudaira P., Kaiser C.A., Krieger M., Scott M.P. Molecular Cell Biology (5th ed.). - N.Y.: Freeman W. H. and Co, 2004. - 973 p.
2. Reece R. J. Analysis of Genes and Genomes. - Wiley & Sons, Ltd., 2003. 469 p.
3. Конарев В.Г. Молекулярная биология в познании генетических и морфогенетических процессов у растений. – СПб.: ВИР, 2002. 49с.
4. Walker J.M., Raply R. Molecular Biology and Biotechnology (5th ed.). - UK: Royal Society of Chemistry, 2009. - 585 p.
5. Dale J.W., Park S.F. Molecular genetics of bacteria. - USA: Wiley-Black Well, 2010. - 622 p.
6. Howell S.H. Molecular genetics of plant development. - USA: Cambridge University Press, 2000. - 337 p.

Зертханалық сабақтарға:

1. Максимова Н.П. Молекулярная генетика. Сборник заданий и тестов. - Мн.: БГУ, 2003. - 189 с.
2. Максимова Н.П. Сборник задач по генетике: для студентов биологического факультета. - Минск: БГУ, 2008. - 168 с.

Интернет-ресурстар:

- http://en.wikipedia.org/wiki/Regulation_of_gene_expression
<http://users.rcn.com/jkimball.ma.ultranet/BiologyPages/P/Promoter.html>
www.sciencemag.org/cgi/content/full/319/5871/1781b (Video: gene regulation)
<http://download.nehudlit.ru/nehudlit/self0008/collado-vides.rar> (Collado-Vides J. Gene regulation and Metabolism. Electronic Textbook)
<http://allrefs.net/c27/3x3hz/>
